



17-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ. АРБИТРАЖ ЖӘНЕ МЕДИАЦИЯ. 2-БӨЛІМ

## Коммерциялық сот





## Жоспар:

1. Арбитраждық сот: Ірі Коммерциялық сот
  2. Коммерциялық сот және іске басшылық жасау
  3. Соттармен анықталған тізімді жүргізу жүйесі
  4. Талап қоюды апелляциямен қайта қалпына келтіру
  5. Медиация және арбитраж
  6. Ерте бейтарап бағалау (Early Neutral Evaluation)
- Қолданылған және ұсынылатын әдебиеттер

## 1. АРБИТРАЖДЫҚ СОТ: БАСТЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ СОТ

Коммерциялық сот Лондон қаласында орналасқан. Ол Үлкен соттағы Корольдік орындықтар бөлімінің бөлшегі.

Коммерциялық сот өзінің егжей-тегжейлі жазылған «Адмиралдылық пен коммерциялық сот нұсқаулығы» атты процессуалдық кодексі бойынша жұмыс жасайды.

«Адмиралдылық пен коммерциялық сот нұсқаулығы» — кәсіпкерлік ісі бойынша сот талқылауларын оңтайлы шешуге арналған жеке процессуалдық кодексі.

Коммерциялық сот кәсіпкерлер шығармашылығы жөніндегі Үлкен соттың жоғарғы деңгейі болып саналады.

Сот негізінен жалпыға мәлім мәмілелерден туындайтын істерді қарайды, олардың қатарына келесі істерді жатқызуға болады:

- Келісім-шарт немесе кәсіпкерлік құжат жөніндегі істер;
- Тауарлардың экспорты немесе импорты;
- Құрлық, теңіз, әуе немесе құбырлар арқылы тасымалдау;
- Мұнай, газ немесе өзге де табиғи байлықтар қорын үздіксіз пайдалану;
- Сақтандыру мен қайта сақтандыру;
- Банктік және қаржылық қызметтер;
- Биржа мен нарықтың қызметі;
- Тауарларды сату мен сатып алу;
- Кеме құрылысы;
- Коммерциялық агенттіктер;
- Арбитраж.

Сот сонымен қатар 1996 жылғы Арбитраж заңы аясында түскен арбитраждық шағымдарды да қарайды.

Лондон орталығындағы Коммерциялық сотқа көп қаржы жұмсалған. Лондондағы Rolls Building in Fetter Lane жаңа ғимараты әсіресе коммерциялық құқық бойынша Үлкен соттағы сот процесіне арналған маңызды сот орталығы ретінде танылады. Сот өндірісін жүргізуді жақсарту күрделі азаматтық дауларды шешуде ағылшын құқықтық жүйесінің бәсекелестігін сақтауға мүмкіндік береді деген үміт бар. Ағылшын құқығын әлемдік нарықта көтеру қажеттілігі Үлкен соттың судьясы Sir Geoffrey Vos 2011 жылы «Біріккен Корольдіктің британ сотындағы табысы» атты KPMG оқыған дәрісінде айтылған болатын.

Коммерциялық соттан Лондон Сауда ісі сотын ажырата білген жөн. Лондон Сауда ісі соты ұлттық және халықаралық іскерлік даулармен айналысады. Дегенмен ондағы істер аса күрделі емес және қаржылық құндылығы төмен болып келеді. Сондай-ақ жеті провинциалық аймақта Сауда ісі соты бар.

Технология мен Құрылыс соты Лондон қаласында орналасқан. Ол соттың құрызетіне ғимарат салу келісімдері мен мәмілелер, ақпараттық технологияларға қатысты істер жатады. Сондай-ақ Патент соты да бар. Дегенмен бұл жерде негізгі назар Коммерциялық сотқа аударылады.

Арбитраждық соттың судьялары іс бойынша тыңдалым мен барлық сотқа дейінгі істерді тыңдайды. Сондай-ақ ағылшын Коммерциялық сотының судьялары сараптама кезінде сарапшы (Лондон адвокаттарының сотта өкілдік етуі құны жоғары болғанына қарамастан) мәртебесіне ие.

Үлкен соттың судьялары, әдетте азаматтық сот өндірісіне тек сот өндірісі кезінде қатысып, көптеген сотқа дейінгі істерді тыңдайды, дегенмен ол Корольдік орындықтар бөлімшесінің іс жүргізу тәртібіне қарма-қайшы келеді.

Сот коммерциялық сот талқылаулары үшін жаһандық нарықтың бар екенін мойындайды. Бәсекелестіктің негізгі мақсаты өз қолданушыларына «алдыңғы қатарлы» жоғары білікті қызмет пен тәсілдерді ұсыну.



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Арбитраж және медиация. 2-бөлім

Дәріс: Коммерциялық сот

Дәріс авторы: Сағынғали Айдарбаев

Сотты мүмкін болатын қызметтің төмендеуі туралы хабардар етіп тұратын сот тұтынушыларының комитеті бар. Ол Үлкен соттың басқа салаларымен, Лондон мен өзге жерлердегі коммерциялық орталықтардағы шетелдік соттармен және коммерциялық арбитраж жүйесімен бәсекелеседі.

Бұл шынымен де «трансұлттық» форум. 2004-2005 жылдар көлемінде сотқа берілген 80 пайыз талап қою арыздарының бір тарабы Англия мен Уэльстан тыс жерлерден берілген. Ал осы істердің 50% барлық сотқа қатысушы тараптары Англия мен Уэльстің резиденттері емес істер еді.

Көптеген шетелдік коммерциялық келісімдерде бұл сотты мүмкін болатын дауларды шешуде форум ретінде тағайындау құзыреттілігі туралы ереже бар.

Соңғы жылдары қаралған даулы мәселелер Шығыс Еуропа аумағынан акцияларды сатып алумен байланысты шетелдік мәмілелер.

Colman түсіндірмесі бойынша:

Қазіргі таңда соттар саналы түрде жай ұлттық соттардың міндетіне қарағанда кең функцияларды орындайды. Шындығында, ол қазіргі таңда Лондонда кәсіпкерлікпен айналыспайтын Лондон мен Ұлыбританиямен байланысы жоқ шетелдік, сауда, банк және экспедиторлық ұйымдар мен корпорациялардың дауларын шешетін форум ретінде жұмыс жасайды.

Кез-келген ағылшын сотының ең қиын міндеттердің бірі күрделі сот талқылауында шешім шығару болып табылады. Мұндай сынақтар соттардың шыдамын, іске назар аудару мүмкіндігін, біліктілігін, интеллектуалдық пен жақсы құрылымдық пайымдауларына байланысты. Соттың техникасы мен бейресми хаттамалары ұрпақтан ұрпаққа жетілдіріліп келеді. Осы саладағы заңгерлер негізінен кәсіпкерлік дауларға маманданған жетекші заң фирмасында жұмыс жасайтын және адвокаттық коллегияның кіші және жоғарғы білікті мүшелері болып табылады тұлғалар.

Бұрынғы Коммерциялық соттың судьясы, қазіргі апелляциялық соттың мүшесі Sir Richard Aikens бұл маңызды сотта процессуалдық белсенділік пен жинақтылықтың қажеттігін атап өтті. Арбитраждық соттың әсерлі тарихына ғылыми шолуы маңызды процессуалдық мәселелерге қатысты ұзақ әрі күрделі сот талқылаулары нәтижесінде жазылған. Әрине, сот әртүрлі процессуалдық инновацияларға араласуы мүмкін. Мысалы, 1990 жылдардың басында сот экономикалық тұрғыдан аса маңызды мәселелерді қарастырғанда күн тәртібі сұрақтарын анықтауда (өтінішхатпен белгіленген шеңберде) белсенді араласуы қажет болатын. Ashmore қарсы тарап Corporation of Lloyd's (1992) ісінде лордтар палатасы осы «белсенді» бағытты қолдады. Бұл бағытты қолдау азаматтық сот өндірісі жүйесінде дәстүрлі «пассивті соттар» жүйесінен бас тартуды білдірді. Сонымен қатар 1994 жылы сот «дауларды альтернативті шешуде» тәжірибелік басшылық жасады (24.16 тарау және әрі қарай).

## 2. КОММЕРЦИЯЛЫҚ СОТ ЖӘНЕ ІСКЕ БАСШЫЛЫҚ ЖАСАУ

Соттың ең басты жаңашылдығы сотқа дейінгі істі жүргізуде күрделі әрі белсенді басшылық жасау тәсілін енгізгені сөзсіз.

Lord Woolf өзінің 1995-1996 жж. есебінде АСӨ (1999 ж. енгізілген) жүйесі аясында «көп жақты істер» бойынша азаматтық талап қоюдың барлық түрі үшін аталған тәсілді қолданды. Коммерциялық соттар істі жүргізу бойынша тыңдалым мен барлық сотқа дейінгі мәлімдемелерді тыңдайды. Бұл дәстүр 1895 жылы соттар құрылғанға дейін сақталған болатын. Бұл тәсіл күрделі сот процестерін жүргізуде сабақтастықты қамтамасыз етеді. Коммерциялық соттың мақсатын Colman келесі мәлімдемесінде жақсы көрсетеді: соттың құрылған кезеңінен бастап негізгі мақсаты тиісті ұйымдасқан сот талқылауына сай келетін шынайы даулы сұрақтарды минимальды техникалық сұрақтар мен минимальды аралық талқылаулар арқылы анықтауға қол жеткізу. Үлкен соттың тең құқықты судьялары ('puisne judges') азаматтық сот өндірісіне тек сот талқылауы кезінде ғана қатысып, судьялардың (Masters) көптеген сотқа дейінгі істерді тыңдауы Корольдік скамьяның жалпы іс жүргізу тәртібіне қарама-қайшы.

2007 жылы желтоқсанда Коммерциялық соттың ұзақ жүргізілген сот процестері есебі жарияланды. Нәтижесінде іске басшылық жасау тәсілі күшейтілді. Шындығында Коммерциялық соттар Англияда бірінші рет қазіргі таңда өздері сарапшы болып табылатын «іске басшылық жасау» ('case management') техникасын жасап шығарды. Соттар сондай-ақ қазіргі кезеңде күрделі істердің сотқа дейінгі талқылау жолдарын жетілдіру мүмкіндігіне күмәнмен қарайды. 2009-2010 жж. сотқа дейінгі және дайындық кезеңін электронды түрде (тірі тыңдалымдардан басқа) жүргізуге болатын «пилоттық жүйені» ('pilot scheme') жүргізді.

Коммерциялық сотта сотқа дейінгі екі маңызды тыңдалым жасалады:



1. Іске басшылық жасау туралы конференция;
2. Тыңдалымға дейінгі тексеру.

Коммерциялық сот нұсқаулығында іс күрделі болған кезде істі жүргізу кезінде және «хаттама» жасау барысында сот органдарының үздіксіз қатысуына аса мән беріледі.

Аталған нұсқаулықтың D2 тарауында іске басшылық жасаудың әртүрлі «маңызды міндеттері» көрсетілген:

- Іс бойынша меморандум, қаралатын мәселелер тізімі мен іске басшылық ету құжаттары істің басында дайындалады;
- ... істі анықтауда фактологиялық және сарапталық қажет дәлелдерді анықтау үшін сұрақтар тізімі қолданылады;
- Соттың өзі сұрақтар тізімін реттеп бекітеді және ол үшін тараптар мен олардың заңды өкілдерінің қосымша көмегін талап етуі мүмкін;
- Іске басшылық жасау барысында конференция одан бұрын болмаса, әдетте міндетті іске қатысу мәлімдемесі берілгеннен кейін жасалады;
- Іске басшылық жасау бойынша бірінші конференцияда сот (қажет болған жағдайда) іс бойынша сұрақтар мен талаптарды іс жүргізуге таңдалған адвокаттармен талдайды. Судья сот талқылауының кестесін бекітіп, іс жүргізуге қажетті нұсқаулықтар береді; көп жағдайда сотқа дейінгі істі қарау болады; мұндай кезде тараптар соттың істі қарауы үшін сот талқылауының кестесін жасайды;
- Істің дерлік барлық кезеңінде сот талқылауының мүмкін болатын мерзімі туралы жүйелі тексерулері болады және алдын ала тыңдалымды қанша судья жүргізетіні шешіледі.

### 3. СОТТАРМЕН АНЫҚТАЛҒАН ТІЗІМДІ ЖҮРГІЗУ ЖҮЙЕСІ

Lord Neuberger Коммерциялық соттағы өзгерістер нәтижесінде осы сотқа тіркеу жүйесі енгізілген болатынын (Технология мен құрылыс соты да осындай жүйені енгізгенін) атап өтеді.

Ұсынылған «тізімді жүргізу» жүйесі Үлкен соттың барлық бөліміне және көп жақты сот талқылауына да қолданылуы мүмкін. Коммерциялық сотта бұл «тағайындалған соттың» келісімі деп аталады. Мүмкіндік болса сабақтастық қағидасы бойынша мұндай жолмен тағайындалған судья барлық сотқа дейінгі мәлімдемелер мен сот талқылауының өзін тыңдайды.

### 4. ТАЛАП ҚОЮДЫ АПЕЛЛЯЦИЯМЕН ҚАЙТА ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

Кейбір Коммерциялық сот процестері өте ұзақ және күрделі. Ең күрделі істердің бірі ретінде Three Rivers DC v. Bank of England атап өтуге болады. Істі судья Tomlinson тыңдаған болатын. Іс 2004 жылдың қаңтарында басталып, талап қоюшылар өз талап қою арыздарынан бас тартқан 2005 жылдың қазанына дейін созылды. Сот талқылауы барысында талап қоюдың болашағы жоқ екендігі туралы ерте шешім қабылданған болатын. Дегенмен 2001 жылы Лордтар палатасының көп бөлігі (Lords Steyn, Hope, Hutton) іс сот талқылауына берілуі керектігі туралы акция жасаған.

Талап қоюшылар өз талап қою арыздарынан сот талқылауының 256 күні 2005 жылдың соңында бас тартты. Бірінші инстанция соты Tomlinson талап қоюшыларға істі жүргізгені үшін санкция ретінде сот шығындарын өтеу туралы шешім шығарды. Ол сондай-ақ іс бойынша талап қоюшылардың әрекетін сынға алды. Судья сот процесінің үш қызықты факторын атап өтеді:

- Ағылшын банкінің қырықтан астам лауазымды тұлғасы «адал емес» болған;
- Жоғарғы сот Lord Woolf-пен (Lord Chief Justice) бірге сотты аяқтау үшін не істеу қажеттігін талқылаған;
- Нәтижесінде ол және Lord Woolf ештеңе жасай алмайтындығын түсінген.

Сол кездің өзінде Лордтар палатасының шешімі әділетсіз болып көрінген. Өткенге сыни көзқараспен қарайтын болсақ, ол шешімнің дұрыс болмағанын байқауға болады. Автор Лордтар палатасының 2001 жылы талап қоюды қабылдамауы көңілге қонбайтын еді.

Бұдан шығатын бірінші қорытынды:

- біріншіден, апелляциялық соттар іс күрделі және кең құжаттар тізімін қамтыса да, шығарылған шешімді сынауға асықпағаны жөн;
- екіншіден, талап қою арызының әлсіз жасалуы талап қоюды қабылдамауға әкелетіндіктен, сотқа дейінгі механизмдерді қайта қараған жөн.



## 5. МЕДИАЦИЯ ЖӘНЕ АРБИТРАЖ

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Медиация туралы Заңы, 2 бабы, 6 т. сәйкес: медиация дегіміз – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) реттеу рәсімі.

Медиацияның мақсаты (3-бап) мыналар болып табылады:

- 1) дауды (дау-шарды) шешудің медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу;
- 2) тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету.

Англияда «ADR бұйрықтары» («ADR orders») деп атаған дұрыс емес, себебі ол – тараптардың медиацияны жалғасытырғаны дұрыс екенін көрсететін заңды нұсқаулық ретінде саналады. Бұл шарттарды қабылдамау тиісті талап қоюшы шығындарын өтеуіне алып келуі мүмкін. II т. 1.105 ережесінде, егер тараптардың бірі мұндай сот бұйрықты немесе нұсқауықты орындаудан жалтарса, сот оған қатысты санкция қолдана алады деп түсіндіріледі.

Профессор Dame Hazel Genn 1996 жылы шілде мен 2000 жылы маусым аралығында Коммерциялық сотпен шығарылған «ADR бұйрықтарына» зерттеу жүргізген болатын. Ол «ADR бұйрықтарына» жауап ретінде медиация жүргізілген 103 істі қарады. Dame Hazel Genn негізгі жасаған қорытындысы, соттың «ADR бұйрықтарына» 56 пайызы құлақ асып, медиация тәртібімен дауды шешкен.

1996 жылғы Арбитраж туралы заңға сәйкес туындайтын сұрақтарды қадағалайтын негізгі сот Арбитраждық сот екенін айта кеткен жөн. Кейбір арбитраждық сұрақтар Сауда ісі соты мен Технология және Құрылыс сотында немесе Канцелярияда, Окруттік сотта қаралады.

## 6. ЕРТЕ БЕЙТАРАП БАҒАЛАУ (EARLY NEUTRAL EVALUATION)

Адмиралдылық мен Коммерциялық сот нұсқаулығында сот іске қатысты міндетті күші жоқ бағасын беруіне болады. Ол істі жүргізіп жатқан сот пен бірінші инстанциядағы соттан өзге тұлға болуы қажет.

ENE қабылдауға тараптарды мәжбүрлеуге болмайды. Екі тарап та келісім беруі қажет. Сот ол ұсынысты айтуы мүмкін. 1990 жылы есепте екі осындай мәлімдеме түскендігі айтылады (ENE 1996 жылы енгізілген болатын). Керісінше, АҚШ Delaware Канцеляриясында соттың бағалауы түріндегі медиация жиі қолданылатындығы байқалады. Мұндай жағдайда Ағылшын Коммерциялық сотының нұсқаулығында: «Тиісті жағдайлар мен барлық тараптардың келісімімен сот кейбір мәселелерді немесе дауды бағалауы үшін міндетті емес және тараптарға шығын алып келмейтін ерте бейтарап бағалауды (ENE) ұсынады... Егер тараптар бұл туралы келіспеген болса, ENE қатысқан судья мәлімдемені қарауға немесе сотта судья ретінде іске қатыспайды».

Sir Rupert Jackson өз сөзінде Технология және Құрылыс сотында ENE туралы ережеге ерекше мән беріп, соған сәйкес істі реттеу соттың басшылығымен жүргізілген медиация ретінде бағалауға болатынын айтты. Медиация кезінде Ағылшын соттары қалыпты үдеріске қарағанда, істі негізгі ерекшеліктері бойынша қарап, шығындар туралы шешім шығарады, бірақ іске тікелей қатыспайды.

### Қолданылған және ұсынылатын әдебиеттер

1. Кудрявцева Е.В. Гражданское судопроизводство Англии. - М.: Издательский дом «Городец», 2008.
2. Эндрюс Н. Система гражданского процесса Англии: судебное разбирательство, медиация и арбитраж / Пер. с англ.; Под ред. Р.М. Ходыкина. М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 544 с.
3. Andrews N. Andrews on Civil Processes. Vol. I. Intersentia, 2013.
4. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Медиация туралы Заңы.